## Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштерінің қысқа мерзімді болжамдары туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 шілдедегі N 959 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Мәтіндегі "сауда" деген сөз "бюджеттік жоспарлау" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1184 қаулысымен .

Қазақстан Республикасында экономикалық және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономикалық қызметтің түрлері бойынша өндірістің және қызмет көрсетулердің тиімділігін бағалау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы, Энергетика және минералдық ресурстар, Ауыл шаруашылығы, Көлік және коммуникациялар, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) өздерінің құзыреті шегінде есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 5-күніне Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштердің қысқа мерзімді болжамын (қосымшаға сәйкес), сондай-ақ өндірістің және бағалардың даму үрдісі көрсетілген түсіндірме жазба ұсынсын. <*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1184 қаулысымен

2. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі есепті тоқсаннан кейінгі бірінші айдың 30-күніне Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша статистикалық деректер ұсынсын. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1184 қаулысымен

3. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі:

Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштерінің қысқа мерзімді болжамдарын

қалыптастыруды қамтамасыз етсін;

есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 10-күніне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштердің қысқа мерзімді болжамын ұсынсын және заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті ресми хабарды жария етуді қамтамасыз етсін.

4. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.05.04. N 426 қаулысымен .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 шілдедегі N 959 қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштер** і

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1184 қаулысымен , 2005.05.04. N 426 қаулысымен

```
  N   !Көрсеткіштер!Есепті     !Ағымдағы  !Ағымдағы  !Ағымдағы  !              !Жауапты
   !                !тоқсан   !тоқсанға  !жылдың  ал!жылға       !              !орындау.
   !                 !үшін       !арналған  !дағы  екі  !арналған  !              !шылар
    !                     !деректер!көрсет.     !тоқсанына!көрсет.     !              !
   !                      !                 !кіштердің!арналған  !кіштердің!              !
   !                    !                !болжамы    !көрсеткіш!болжамы    !              !
  !                   !            !                !тердің      !              !              !
  !                  !            !                !болжамы     !              !              !
--------------------------------------------------------------------------
1!   2   !  3  !  4  !  5  !  6  !  7  !  8
```

1. Жалпы ішкі өнім, өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен алғанда — ЭБЖМ, СА

2. Тұтыну бағаларының индексі, %-бен кезеңнің аяғына — Қазақстан Ұлттық Банкі (келісім бойынша), СА

кезең үшін орташа алғанда

3. Өнеркәсіп өнімін өндірушілердің бағалар индексі кезеңнің аяғына алғанда, %-бен — СА

4. Мұнайдың дүние жүзілік бағасы (Брент қоспасы), бір баррель үшін АҚШ долларымен — ЭБЖМ, СА

5. Теңгенің АҚШ долларына алғандағы бағамы кезеңнің аяғына кезең үшін орташа алғанда — Қазақстан Ұлттық Банкі (келісім бойынша)

6. Өнеркәсіп өнімінің көлемі, өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен алғанда — ЭБЖМ, ЭМРМ, СА

7. Өнеркәсіп өнімінің аса маңызды түрлерінің — ЭМРМ, СА

заттай алғандағы өндірілуі: шикі мұнай, мың тонна электр энергиясы, млн. кВт. сағ.

8. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі, өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен алғанда — АШМ, СА

9. Жүк айналымы, өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен алғанда соның ішінде темір жол көлігі — ККМ

10. Байланыс қызметтерінің көлемі[1], өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен алғанда — ККМ, СА

11. Негізгі капиталға тартылған инвестициялар, өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен алғанда — ЭБЖМ, СА

12 Мемлекеттік бюджет көрсеткіштері, млрд. теңге:
1) кірістер, оның ішінде:
салықтық түсімдер; Қаржымині
салықтық емес түсімдер; Қаржымині
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер; Қаржымині, Қаржымині
3) операциялық сальдо; ЭБЖМ
4) таза бюджеттік кредит беру; Қаржымині
5) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо; Қаржымині, ЭБЖМ
6) бюджет тапшылығы (профициті) ЭБЖМ
13. Шығыстар және мембюджетті несиелендіру, млрд. теңге ҚарМ
14. Мембюджет тапшылығы (профицит), млрд. теңге ҚарМ
15. Экспорт, млн. АҚШ доллары ЭБЖМ, Қазақстан Ұлттық Банкі (келісім бойынша)
16. Импорт, млн. АҚШ доллары
17. Төлем теңгерімі ағымдағы ЭБЖМ, Қазақстан Ұлттық

шотының 2 сальдосы, млн. АҚШ доллары | Банкі (келісім бойынша)

18. Жалақының орташа айлық мөлшері, теңге | ЕХҚМ, ЭБЖМ, СА

19. Зейнетақының орташа айлық мөлшері, теңге | ЕХҚМ

20. Жалақының нақты өзгеруі, % | ЕХҚМ, ЭБЖМ, СА

---------------------------------------------------------------------------

1 - есептік деректер 30 күн өткенде нақтыланады

2 - есептік деректер 90 күн өткенде нақтыланады

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК